

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РМК

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

жағымды немесе жағымсыз сипаттарын түсіндіріп, баланың жақсы сапаларға ұмтылысын қалыптастыруға мән беру керек;

- телефон немесе теледидарға тәуелділіктің алдын алу мақсатында және мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық жетілуінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін белсенді іс-қимылдардан тұратын әрекет түрлерімен айналысу. Жүгірумен, сөйлеумен, қимыл-қозғалыспен байланысты болатын ойындар мен әрекеттерді отбасында ұйымдастырып отыру;

- мектеп жасына дейінгі балалардың ірі және майда моторикаларын дамыту мақсатында отбасында ермексазбен мүсіндер мен әртүрлі фигуралар жасату. Суреттер салу және оны бағалап, көтермелеп отыру арқылы өнерге деген ынтасын арттыру;

- балалардың дұрыс емес әрекеттерін түзеу мақсатында оларды кінәлап емес, ол әрекеттерді жаман балалар жасайтын болғандықтан оған оның лайықты еместігін түсіндіру. Балаларды тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдай білу;

- бір мезгіл теледидар көру де қажет. Әйтсе де, балалар қандай бағдарлама көріп жатқандығын таңдап беру және кеңес беру маңызды. Балалардың таңдаған бағдарламаларына оң баға беріп, қолдау көрсетіп отыру;

- Балалармен бос уақытты бірге өткізу және отбасылық ойындар ойнауды дәстүрге айналдыру;

- балалардың күн тәртібін дұрыс әрі пайдалы ұйымдастыру және оның орындалуын қадағалау. Мысалы, ерте жатқызу, уақытылы тамақтану және т.б. секілді.

Баланың болашағы оның жастай алған тәрбиесі мен қарым-қатынастағы әсеріне байланысты. Сондықтан, ата-аналар отбасы тәрбиесінде баланы өз заманына лайықты азамат етіп тәрбиелеуде қоғам сұраныстарын да ескеруі тиіс. Осы тұста М.Жұмабаев: «Ата-аналар балаларын дәл өзіндей етіп емес, өзінен де мықты етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналардың заманына қарағанда анағұрлым күрделі әрі талапшаң болмақ» деген болатын. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі олардың азамат болып жетілген кезеңіндегі болмысының өзегі әрі негізі болатынын ұмытпағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сухомлинский В.А. Сухомлинский А.В. Балаға жүрек жылуы. Шығармалар толық жинағы. –Алматы, 1987.- 476 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.
3. Сухомлинский В.А. Шығармалар жинағы. -М.: Педагогика, 1984. -353 с.
4. Атемова Қ.Т. Отбасындағы баланың іс - әрекетін ұйымдастырудың жолдары. - Алматы, 2002. - 58 б.
5. Атемова К.Т. Әл-Фараби трактаттарындағы отбасы тәрбиесі мәселелері. //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ - нің Хабаршысы ғылыми журналы. - Астана, 2005. –№3 (43). –Б.24-30.
6. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

БАЛАЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМУ ТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Асылбекова Маризия Пазылқызы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Ермаш Ұлболсын Мұратбекқызы

6В012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту БББ

4-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңінде байланыстырып сөйлеуді дамыту – баланың ойлау қабілеті, тіл байлығы мен әлеуметтік қарым-қатынасы үшін маңызды рөл атқарады. ҚР мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту

тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешу» мәселесі қарастырылған [1]. Бұл үдерісті тиімді жүргізу үшін заманауи технологиялардың қолданылуы – жаңа мүмкіндіктер мен артықшылықтарды ашады. Осы орайда, балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың теориялық негіздерін қарастыру маңызды.

Байланыстырып сөйлеу – балалардың өз ойларын, сезімдері мен пікірлерін логикалық құрылымда және дұрыс тілдік құралдар арқылы білдіру дағдысы. Бұл қабілет олардың танымдық және коммуникативтік дамуының көрсеткіші болып табылады[2]. Педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, баланың байланыстырып сөйлеуін дамыту оның ақыл-ойының, тіл байлығының дамуына, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Байланыстырып сөйлеудің негізгі қызметі коммуникативті болып табылады. Ол екі негізгі формада жүзеге асырылады – диалог және монолог. Осы формалардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, олар оларды қалыптастыру әдістемесінің сипатын анықтайды.

О.С.Ушакова байланыстырып сөйлеудің бір түрі монологтың құрылымдық компоненттері оның тұтастығын анықтайтынын айтады. Монологтың басталуы оның негізгі бөлігін анықтап, ал аяқталуы айтылған ойды қорытындылайды[2]. Мектепке дейінгі жаста монологиялық сөйлеудің негізгі түрлері сипаттама, баяндау және пайымдау арқылы жүзеге асырылады.

В.В.Гербова сипаттаманы заттың немесе объектінің жалпы анықтамасы мен атауынан басталатын мәтін ретінде анықтайды. Кейіннен сипаттама белгілерді, қасиеттерді, сипаттамаларды және әрекеттерді тізбектеуді қамтиды[3]. Мәтін, әдетте, объектіге баға беретін немесе оған деген көзқарасты білдіретін сөз тіркесімен аяқталады. Сипаттама өзінің статикалық табиғатымен және оның компоненттерін өзгерту немесе қайта реттеу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Ф. А. Сохин баяндауды логикалық ретпен дамитын оқиғалар туралы әңгіме ретінде сипаттайды[4]. Т. А.Ладыженскаяның айтуынша, баяндаудың құрылымы үш негізгі кезеңнен тұруы керек: басы, ортасы және соңы (байлау, шарықтау шегі, түйін)[5]. Б.Баймұратова, мектепалды даярлық тобында шығарма авторының айтпақ ойын, кейіпкерлерді суреттеуі арқылы қандай көңіл-күйде болғанын, ол кітапты қандай шығармамен салыстыруға үйрету қажет деп көрсетті[2].

А. Меңжанова «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу» [6] әдістемелік құралында, қазақ совет балалар әдебиетіне шолу жасай отырып, көркем шығарманы, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеудің бастауы екенін, еңбек әрекеті кезінде әдеби шығарманы пайдалану балалардың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әкеліндігі көрсетілді. Отандық ғалымдардан А.Б.Бакраденова «Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі» [7] кітабында мектепке дейінгі балаларды кітаппен таныстыру міндеттерін ашып көрсеткен болатын. Автор: «балаларды көркем шығармаға таныстыруда балабақшаның басты міндеті-шығарма түрлерін жас ерекшелігіне қарата отырып, балалардың эстетикалық қабылдауына сәйкестендіру» деп көрсетті.

Профессор С.Н.Жиенбаева еңбектерінде қазіргі заманғы қоғамның цифрлануы бала тілінің дамуына де айтарлықтай кері ықпалын тигізіп келетінгі, сөйлеудегі ауытқулардың болуының себептерінің бірі болып отыр. Сол сияқты ғалым баланың сөздік қорын байыта отырып, грамматикалық дұрыс сөйлеуіне дұрыс бағыт берген жағдайда байланыстырып сөйлеуі, оның ішінде нарративтік қабілетінің дамуына, шығармашылықпен әңгіме құрастыру деңгейіне жете алатындығын дәлелдейді [8]. Балаға дұрыс сөйлеуді үйрету оның әлемді тану қабілетін арттырып, айналасындағы адамдармен, қоғаммен қарым-қатынас орнату жолында үлкен рөл атқарады. Заманауи технологиялардың қолданысы бұл үдерісті жаңа деңгейге көтеріп, балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуда бірқатар артықшылықтар береді. Ондай технологиялардың бірқатары тәжірибеде қолданыста болып, тиімділігін дәлелеп отыр. Атап айтсақ, Мнемотехника, Синквейн, Логоритмика, Монтессори технологиясы, ТРИЗ технологиясы, Ф. Фребельдің материалдары, ойн арқылы оқыту технологиясы және т.б. атауға болады. Соның ішінде сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясының баланың

байланыстырып сөйлеудегі мүмкіндіктері жоғары. Оны төменгі кестеден көре аласыздар (1-кесте).

Кесте – 1. Сыни ойлау технологиясы негізінде балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістері

Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі	Әдіс – тәсілдер
Ақпарат беру кезеңі		
Балалардың зерттелетін заттар бойынша білімін өзектендіру және жинақтау олардың қызығушылығын арттырады. Бұл процесс балалардың затқа деген ынтасын оятып, оларды белсенді қызметке тартады.	Ол зерттелетін мәселе бойынша өз білімін есіне түсіреді, жеке тәжірибесіне негізделген болжамдар жасайды және тәрбиешіге сұрақтар қояды.	Болжау Иә-Жоқ Кіріспе сұрақ Дұрыс-дұрыс емес пікірлер Аралас оқиғалар Идеялар себеті Кілт сөздер, білемін, білгім келеді, білдім
Мазмұнды түсіну кезеңі		
Жаңа тақырып бойынша қызығушылықты арттырады. Бұл процесс ескі білімнен жаңа білімге өту кезінде жанама түрде басқаруды қамтамасыз етеді.	Тапсырмаларды орындап, тыңдайды, қарайды және зерттейді (ауыр, жеңіл). Жаңа білімді қалыптастырады. Аралық нәтижелерді бекітеді.	Миға шабуыл Логикалық тізбектер Қысқа және ұзақ сұрақтар Аялдамаларды айту Текшелермен айту Схема бойынша жаттау Сюжеттік кесте Синквейн Мнемоникалық кестелер Модельдеу
Рефлексия кезеңі		
Қойылған міндеттерге сәйкес қызмет нәтижелерін байланыстыруға көмек көрсетеді. Нәтижелерді жалпылауға ықпал етеді. Қорытындыларды тұжырымдауға көмектеседі.	Қойылған міндеттерге сәйкес әрекет нәтижелерін салыстыру. Нәтижелерді қорытындылау. Тұжырымдарды қалыптастыру.	Венн Диаграммалары Кластер Рөлдік ойын Синквейн Ақылды карталар Алты ойлау шляпасы Қатені табу Шатастырылған логикалық тізбектер Логикаға оралу тізбектер Рефлексиялық экран

Аталаған технологияның кезеңдерін қарастыратын болсақ, бірінші кезең — "ақпарат беру" кезеңі деп аталады. Бұл кезеңде тәрбиеші балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады, әртүрлі іс-әрекеттер арқылы ұйымдастырылған әрекеттер өткізеді. Ол балалардың лексикалық қорын белсендіру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданады. Балалар сөз тіркестерінде және сөйлемдерде сөздерді қолдану қабілетін дамытады, сондай-ақ сөйлеу жағдайына және контекстке сәйкес грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер құрастыруға үйренеді. Бұл жұмыстар балаларға тілдік құралдарды еркін пайдалану және мәлімдемелерді құрастыруда қолдау көрсетеді, нәтижесінде мәтіндер мен сөйлемдерді қайталау жеңілдейді.

Екінші кезең "Түсіну" кезеңі — мағыналық кезең болып табылады. Бұл кезеңде мектеп жасына дейінгі балалар жаңа материалмен тікелей жұмыс істей бастайды. Балалар осы кезеңде жаңа ақпаратты алып, оны түсініп, бар білімдерімен байланыстыру мүмкіндігіне ие болады. Тәрбиеші балаларға шағын сипаттап айтып беруге көмектеседі, мысалы, салыстырулар және басқа да баяндау құралдарын қолдануды үйретеді. Бұл кезең сөйлеу дағдыларды дамытуға мүмкіндік

береді, әсіресе құрылымдық бөліктерді сақтап сөйлеу дағдысын қалыптастыруға назар аударады. Балалар тәрбиешімен бірге жұмыс істей бастайды, кейін суреттер, ойыншықтар және өз тәжірибелері бойынша дербес жұмыс істей алады.

Үшінші кезең - "Рефлексия" кезеңі. Бұл кезеңде тәрбиеші балаларға іс-әрекет нәтижелерін байланыстыруға және қорытындылауға көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуы өзгерістерге ұшырайды. Балалар тәрбиешімен бірге әңгіме құрайды, олар сипаттау, баяндау және пайымдауды қамтиды. Бұл кезеңде балалар тілдік құралдарды пайдалана отырып, сөйлеудің құрылымдық элементтерін – басы, ортасы, соңы бар біртұтас сөйлеу үлгілерін қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, балалардың семантикалық және сыни ойлау қабілеттері дамиды, грамматикалық қателіктерді түзетуді үйренеді, сөйлеу қабілетін басқарып, логикалық дәлелдеу мен қорытынды жасауды меңгереді. Сөздік қорды байыту жұмыстары жалғасады, балалар синонимдер, антонимдер және көп мағыналы сөздерді қолдана бастайды. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы бойынша балалардың тілінің даму деңгейін анықтауды мақсат еттік. Эксперименттік-зерттеу жұмыстары Астана қаласы әкімдігінің №7 «Аққу» балабақшасында жүргізілді. Тәжірибелік жұмысқа 30 бала, оның 16 ұл бала және 14 қыз бала қатысты. «Балдырған» даярлық тобының балалары бақылау тобында болды. Тәжірибелік жұмысқа 28 бала, оның 16 ұл бала және 12 қыз бала қатысты. Зерттеу жұмыстары анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерінен тұрды.

Кесте 2. Заманауи технолоиялар арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуінің даму көрсеткіштері

РР /с	Деңгейлері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
		Эксперименттік топ	Бақылау топ	Эксперименттік топ	Бақылау топ
1	Жоғары	7(23%)	6(21%)	10 (34%)	7 (25%)
2	Орташа	10 (34%)	10(36%)	14(46%)	11 (39%)
3	Төмен	13(43%)	12(43%)	6 (20%)	10 (36%)

Осыған сәйкес, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы байланыстырып сөйлеу орта деңгейдегі балалардың жоғарғы деңгейге қосылғанын аңғаруымызға болады. Бақылау тобындағы заманауи технологиялар арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейлерінің төменгі дәрежедегі балалардың саны эксперимент кезеңіне дейінгі көрсеткіштерден сәл ғана айырмашылықтары бар. Сонымен бірге, заманауи технологиялар арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі төмен балалардың көрсеткіш деңгейі 34 % - дан, эксперименттен кейін 20 % - ға төмендеді. Бақылау тобындағы балалардың қорытындылары бойынша аздаған өзгерістерді байқауымызға болады. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер 21% -дан 25 % - ға дейін көтерілген. Ал орташа деңгейдегі көрсеткіш 39 %. Соған сәйкес төмен деңгейдегі көрсеткіш 40 % - дан 36 % - ға дейін төмендеді. Жалпы, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сыни ойлауды дамыту технологияларды тиімді пайдалану балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 <https://adilet.zan.kz/>
2. Баймұратова Б. Балабақшадағы даярлық топ балаларының тілін дамыту, -Алматы, Мектеп ,1984
3. Ушакова О. С. Ознакомление дошкольников с литературой и развитие речи. – 2011.
4. Гербова В. В. Развитие речи в детском саду. Программа и методические рекомендации //М.: Мозаика-синтез. – 2010.
5. Сохин Ф. А. Психолого-педагогические основы развития речи дошкольников. – 2005

6. Меңжанова А.К «Балаларды көркем шығарма туындылары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу».- Алматы 1991
7. Б.Бакреденова «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі» құралы, 2023
8. Жиенбаева С.Н. Сәби шақтағы балалардың сөздік қорын дамытудың педагогикалық шарттары// Gumilyov Journal of Pedagogy 2025, №1 (150), 194-214 66 ISSN: 3080-1710 <file:///C:/Users/User/Documents>

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ЖЕКЕ ДАРА ҚАРАУ АРҚЫЛЫ ТІЛІН ДАМУ

Ахтанова Салтанат Кубейбековна

п.ғ.к., доцент Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

E-mail: salta0378@mail.ru

Муталиева Ардак Шагаевна

п.ғ.к., доцент Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

E-mail: mutalieva.ardak@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, олардың қарым-қатынасын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары теориялық тұрғыдан негізделген; қолданылған әдістердің тиімділігін растайтын эксперименттік зерттеу деректері келтірілген.

Кілт сөздер. Жеке көзқарас; даралық; темперамент; қарым-қатынас; ойын.

Адамдар арасындағы жеке айырмашылықтар айқын дәлел болып табылады. Демек, оқу-тәрбие үдерісінде баланың сөйлеуін дамытуда жеке ерекшеліктерді, әр балаға әсер ететін ішкі жағдайларды ескеру қажет.

Біздің болашақ мамандардың балабақшада өтетін тәжірибе барысындағы мақсаты әр баланың жан-жақты дамуын, тілінің дамуын және жеке тұлғалық шығармашылық әлеуетін анықтау арқылы баладағы даралықты қалыптастыруды қамтиды.

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуда тәрбиелеу мен оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздеу жеке көзқарас мәселесіне көбірек көңіл бөлудің қажеттілігімен байланысты. Ғалымдар бұл тұжырымдаманы балалардың сөйлеуін дамытудағы білім беруді интеграциялау аясында қарастырады, сонымен бірге олар баланы ойын арқылы оқыту арқылы жеке белсенділігі мен ересектердің іс-әрекеттері арасындағы тепе-теңдіктегі іс-әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану арқылы нәтиже көрсетеді.

Отандық және шетелдік мектепке дейінгі педагогиканың көптеген өкілдері балалардың сөйлеуін дамытуда жеке дара қарау мәселесіне назар аударады. Қазірдің өзінде педагогикалық жүйеде балалардың сөйлеуін дамытуда жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу және білім беру процесін құру қажеттілігі туралы айтады [1,3-6].

Психологтар баланың сөйлеуін дамытуда жеке дара қарау мәселесін зерттей отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру процесінде адамның жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктерінің маңыздылығын атап өтті, өйткені темперамент белсенділікті, өнімділікті, өзгеретін жағдайларға бейімделудің жеңілдігін, мінез-құлықтың тепе-теңдігін анықтайды. Адамның сөйлеуінің дамуының маңызды салаларының бірі-қарым-қатынас. Ғалымдар баланың есте сақтау, зейін, ойлау сияқты жоғары психикалық функциялары алдымен ересектермен қарым-қатынаста қалыптасатынын, содан кейін ғана толығымен ерікті болатынын атап өтті [2]. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас барысында бала адами қатынастардың заңдары мен нормаларын біледі.

Әрбір баланың қарым-қатынас мәселелері болуы мүмкін екенін атап өткен жөн, өйткені кез-келген психикалық функция сияқты қарым-қатынас жасау қабілеті адамның әлеуметтік тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. Д. Б. Эльконин проблемалы баланың бірқатар ерекшеліктерін көрсетеді [6]. Бұл қасиеттер құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас процесін қиындатады және мұндай қарым-қатынастың нәтижелері баланың одан әрі психикалық дамуын анықтайды.